

Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі Юбилейная жайлауы аумағындағы карантинді тоқтату туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 15 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 желтоқсанда № 5870 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2019 жылғы 20 қарашадағы № 01-18/609 ұсынысы негізінде Ақшат ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі Юбилейная жайлауы аумағында мүйізді ірі - қара мал арасында қарасан ауруының пайда болуына байланысты белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 2 қазандағы № 12 "Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі Юбилейная жайлауы аумағына карантин белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5804 тіркелген, 2019 жылы 7 қазандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Ақшат ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ю.Б.Бокаев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

М. Сатыбалдиев